


Қазақстан Республикасы  
Президенті Н.Назарбаевқа

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының төрағасы  
Ж.Асановқа

Қызылорда облыстық  
сотының төрағасы  
Қ.Нұрышевке

Мейрманова Розадан  
Қызылорда қаласы,  
Ешпиев Сал көшесі,  
№ 6-үй, 10-пәтер тұрғыны



### ҚҰРМЕТТІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ!!!

Мен Мейрманова Роза жоғарыда көрсетілген мекен-жайда тұрамын. Қарапайым казак әйелдерінің бірімін. Күйеуім қайтыс болып 5 баланы жалғыз өзім тәрбиелеп келемін. Басыма түскен қиындыққа байланысты жүрек науқасына шалдыққан адаммын.

### Құрметті Президент !!!

Қазақстан халқына, соның ішінде экологиялық зардап шегіп отырған Сыр еліне жасап отырған жақсылығыңызды білемін.

Қазақстан Республикасының соттарынан үнемі халықтың жағдайын ойлауды және заңдылықты сақтауды талап етесіз.

Сіздің осындай оң талаптарыңыздың арқасында Қызылорда қалалық соттарының қара қылды қас жарған әділдігінің куәсі болдым.

### Нақтылап айғанда:

Менің бес баламның бірі Ауесханов Бауыржан өзінің туған ағасын бұзақылардан арашалаймын деп жүріп, олардың біріне дене жаракатын салып алған болатын. Құқық қорғау органдары істің ақ-қарасына көз жеткізбей, баламды қамап тастады. Құқық қорғау органдарына қанша арыздансам да әділдікке қол жеткізе алмадым.

Содан баламның ісі Қызылорда қалалық №2 сотының қарауына келіп түсті. Алғашында балам қамалып кетер деп ойлап, күндіз-түні жылап жүрдім. Аздап өзіме келген соң мен Қызылорда қалалық №2 сотының төрағасы А.Әбудің жеке қабылдауында болып, құқық қорғау

органдарының баламның ісін толық, жан-жақты және объективті жүргізбей, нәтижесінде балама артық айыптар тағылып отырғанын айтып, аналық көмек сұрадым.

Қызылорда қалалық №2 сотының төрағасы А.Әбу мені өте жылы қабылдап, өтініштерімді мұқият тыңдап істің А.Сұлтанбеков есімді тәжірибелі судья қарап жатырғанын және оның ісіне араласа алмайтынын, бірақ оның істі әділ шешетінін түсіндіріп, барлық сұрақтарыма қаранайым тілмен жауап беріп, ізет көрсетіп, шығарып салып, өте мәдениетті мемлекеттік қызметкердің үлгісін танытты.

Ал, баламның ісін қараған Қызылорда қалалық №2 сотының судьясы А.Сұлтанбеков өзінің нағыз кәсіби судья екенін көрсетіп, аса байсалдылықпен істің ақ-қарасын анықтап, нәтижесінде қара қылды қажарған қазақ билері тәрізді әділ үкім шығарды. Ұзақ мерзімге сотталады деп отырған балам қамаудан босатылған кезде отбасымызбен сенерімізді не сенбесімізді білмей қалғанымызды да жасыра алмаймын.

Қазіргі кезде балам қамаудан босап, отбасыма келіп, ауруымды ұмытып бақытты жанға айналдым.

Менің Қызылорда қалалық №2 сотының төрағасы А.Әбу және осы соттың судьясы А.Сұлтанбековке айтар аналық алғысым шексіз. Оларға зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасылық бақыт және кәсіби өрлеу тілеймін.

Бұл азаматтар қандай да болсын марапатқа лайықты деп санаймын.

Сондықтан, Сіздерге өзімнің аналық жүрегіммен аталған екі азаматқа, яғни А.Әбу мен А.Сұлтанбековке өз тараптарыңыздан тиісті дәрежеде, лайықты марапат көрсету жөнінде өтінішімді білдіремін.

**Өтінішім аяқсыз қалмай, қанағаттандырылады деп үміттенемін.**

Сіздерге құрметпен,



Мейрманова Роза